

3. Левченко И.Ю. Психологическая помощь семье, воспитывающей ребенка с отклонениями в развитии. - Москва: Просвещение, 2008. - 239 с.
4. Леонгард Э. И. Нормализация условий воспитания и обучения детей с ограниченными возможностями в условиях инклюзивного образования: метод. пособие. – М.: МГППУ, 2011. – 278 с.
5. Коржова Г.М., Вишневская Т.А., Баймуратова А.Т., Завалишина О.В. «Организационно-методические основы педагогической поддержки детей с особыми образовательными потребностями в дошкольных организациях образования». - Алматы: ННПЦ РСИО, 2020. - 68 с.

## **АУТИСТИК СПЕКТР БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРДАҒЫ СЕНСОРЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ ДИСФУНКЦИЯСЫ**

Жакыбаева А.М., Рымханова А.Р.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,  
Қарағанды

Кейінгі кезде арнайы педагогика саласында білім алуда ерекше қажеттілігі бар балалардың сенсорлық интеграциясының бұзылуы немесе дисфункциясы туралы көп айтылуда. Әсіресе, мұндай көріністер негізінен аутистік спектр бұзылыстары бар балаларда кездеседі.

Сенсорлық интеграция мәселесін теориялық және практикалық тұрғыдан алғаш зерттеуші ғалым, эрготерапевт Энн Джин Айрестің берген анықтамасы бойынша «сенсорлық интеграция – сенсорлық сигналдардың тасымалдану процесі. Осыған орай ми дененің реакцияларын, эмоцияларын мен тәртібін бақылай алады» [1]. Демек, бала өз денесінен және қоршаған ортадан келіп түсетін ақпараттарға оның сенсорлық жүйелері тарапынан тиісті реакция жасалуы керек. Сенсорлық интеграция мида пайда болатын және сезім мүшелері арқылы алынған ақпаратты, сезімдерді ұйымдастыратын бейсаналық процесс. Үздіксіз келіп түсіп жатқан ақпараттарды ми талдап, сараптап, ең маңызды және қажет дүниелерді тандап, сенсорлық сигналдардан қажетсіздерін алып тастап отырады. Сенсорлық интеграция сенсорлық тәжірибеге мағыналы, әрі мақсатты жауаптар беріп отырады. Ми сенсорлық интеграцияны қамтамасыз ете отырып, мағыналы сенсомоторлық белсенділіктің көмегімен оқу-үйрену әрекеті іске қосылады. Ми осы процесті күнделікті пайдаланып отырғандықтан баланың даму процесі жүзеге асырылады [2].

Клиникалық медицина және клиникалық психология тұрғысынан алғанда сенсорлық интеграция дисфункциясы баланың сенсомоторлық дамуына қажетті қоршаған ортамен тығыз байланыстың қажетті деңгейде жетілмеуімен түсіндіреді. Мысалы, келіп түсіп жатқан ақпараттарға өте баяу реакция жасау, зейін шоғырлануының төмендеуі, үнемі шаршау күйі, сөйлеу жылдамдығы мен реңкінің өзгеруі, шулы ортада зейін қоя алмау, шудан қашып құлағын қолымен басу, есте сақтау қиындығы, аяғының ұшымен жүру, дыбыстың қайдан шыққанын ажырата алмау немесе мүлдем құлақ қоймау, үнемі дамылсыз қозғалыс, ебедейсіздік, икемсіздік т.б. көріністер баланың ақпараттарға дұрыс реакция жасай алмайтындығының белгісі.

Әдетте сенсорлық интеграция дисфункциясы зейін тапшылығы мен гипербелсенділік синдромында, оқуда қиындығы бар балаларда, аутистік спектр бұзылыстары бар балаларда, балалардың церебральды сал науқасында, даму тежелісінде, есту және сөйлеу дамуының бұзылыстарында және генетикалық, хромосомдық себептерден болған даму бұзылыстарында кездеседі [3, 4].

Аутистік спектр бұзылыстарындағы сенсорлық интеграцияның дисфункциясы бұл топтағы балалардың дамуының басты ерекшеліктердің бірі болып саналады, яғни балаларда сезім мен қабылдау процестері сақталады, бірақ қабылданған сигналды түсіну толыққанды жүзеге аспайды. Мысалы, орталық жүйке жүйесінің ешқандай бөлігі өздігімен жеке жұмыс

істемейді: ақпарат оның бір бөлігінен екіншісіне беріледі. Жанасу - көру, көру - тепе-теңдікті сақтау дененің кеңістіктегі орнын сезіну мен қозғалу – мұның барлығы ақпаратты қорытуға көмектеседі. Миға ынталандыру қажет, ол миды қоздырады және ондағы функционалды белсенділікті тудырады. Осылайша тыныс алу, тамақтану, серуендеу, сөйлеу, оқу және т.б. іс-әрекеттер жүзеге асады.

Аутистік спектр бұзылысы бар балаларда сенсорлық ақпаратты қабылдау процесінің бұрмалануы байқалады, тәртіп пен мінез-құлықтағы көптеген проблемаларға алып келеді. Бұл балалар әртүрлі сезім мүшелерінен келетін сенсорлық ақпаратты интеграциялау қабілетінің жоқтығымен және нәтижесінде нақты әлем бейнесін бұрмалана қабылдауымен ерекшеленеді. Сенсорлық интеграция дисфункциясы бар балалар қабылдаудың көп арналы сипатына ие: олар толып жатқан сенсорлық сигналдарды ажырата алмағандықтан қоршаған әлем оларға ретсіз құбылыс болып көрінеді [4].

Сенсорлық интеграция дисфункциясы екі жағдайда болуы мүмкін:

1. Балада жоғары сезімталдық болса, ол қоршаған ортадан көптеген ақпаратты алып, оның миы шамадан тыс ақпаратты сараптауға үлгермейді.
2. Балада сезімталдық жетіспеген сәтте, ол өзін қоршаған ортадан жеткілікті түрде ақпарат алмайды да, ақпарат тапшылығы пайда болады [5].

Аутизм синдромы алғаш зерттеле бастағанда-ақ, Каннер мен Аспергер балалардың дыбыстар пен бейне көріністерге, иістер мен дәмдерге реакцияларының өзгеше екендігі туралы айтқан. Сөйте тұра, ғылымда оның басты себебі сенсорлық интеграцияның дисфункциясы екендігі бірден анықталған жоқ. Бұл топтағы балалардың жеке сенсорлық жүйелеріне әсер ететін есту, көру, иіс сезу, сипап сезу стимулдары синхронды түрде қабылданбайды, демек біртұтас бейнеге айналмайды, мағынаға ие болып түсінілмейді. Әр ақпарат бір-бірімен үйлеспей, ретсіз келіп түсіп жатады, ал бала оларды мағыналандыра алмайды да қалай жауап беру керектігін білмейді, қате реакция жасайды. Мысалы, қолымен ойыншықты қозғап жатып оның қозғалысын көзбен бақыпайды; кейбір затты өз қызметінде емес, тек аутостимуляция үшін пайдаланады; кейбір қимылдарды үздіксіз қайталайды т.б. Өз кезегінде мұндай дисфункция баланың сөйлеу тілінің дамуына да, ортаға бейімделуіне де, әлеуметтенуіне де үлкен кедергі болады.

Банди А., Лейн Ш. және Мюррей Э. (2017) аутистік спектр бұзылысы бар балалардағы сенсорлық интеграция дисфункциясын екі түрлі топқа бөледі:

а) моторика мен праксистің бұзылысы, яғни бұлшық ет тонусының бұзылуы:

- дененің оң және сол жақтарының қозғалысын үйлестіру қиындығы;
- дененің оң және сол жақтарын шатастыру;

б) сенсорлық-модуляторлық бұзылыстар, оған жататындар:

- көру, есту, тактильдік, иіс, дәм стимулдарына гипо- немесе гипер- сезімталдық көрсету;
- сенсорлық қорғаныс;
- гравитациялық сенімсіздік;
- гипо- немесе гипер- белсенділік [6].

Чулкова Р.Н. [5] өз зерттеуінде жоғарыда келтірілген гипо- немесе гипер- сезімталдық бойынша әрбір сенсорлық жүйенің реакциясын сипаттап көрсетеді. Мысалы, иіс сезу жүйесінде гипосезімталдық қатты иісті де сезбеумен, тіпті жалап көру түрінде көрінсе, гиперсезімталдықта иістерге деген күшті реакциялар, дәретханадан жиіркену, сусабындар мен иіс судың иісі бар жануарлар мен адамдарды ұнатпау байқалады. Көру жүйесінде: заттардың іс жүзіндегі түсінен гөрі күңгірт қылып қабылдайды, заттардың контурларын нашар ажыратады немесе керісінше – заттардың айқын, ашық түстерінен көзін алып қашады, тым ұсақ бөлшектерге дейін зейіннен тыс қалдырмайды. Тактильді жүйеде: гипосезімталдық ауырсынуды нашар сезіну, аутоагрессия, ауыр заттардың салмағын сезінуден ләззат алу түрінде сипатталса, гиперсезімталдық кез келген жанасудың өзі ауыру немесе ыңғайсыздық сезімін тудыруы мүмкін, киім кигенді қаламайды, жуындырғанды ұнатпайды, шашын таратпайда т.б.

Жоғарыда келтірілген деректердің барлығы аутистік спектр бұзылысы бар балаларға тән мінез-құлық пен іс-әрекеттегі ерекшеліктердің себебі оның сенсорлық тәжірибесіне тікелей байланысты екендігін түсіндіреді. Сенсорлық интеграцияның дисфункциясы аутистік спектр бұзылысы бар балалардағы «оғаш» мінез-құлықтар, стереотиптер, аутоагрессия, аутоагрессия, эхолалия түрінде көрініс береді. Бұл топтағы балалармен жүргізілетін түзету-дамыту сабақтарында міндетті түрде сенсорлық интеграция әдісін қолдану ұсынылады [7]. Себебі, бұл сабақтар сенсорлық жүйелердің өзара үйлесе дамуына ықпал етеді де жалпы даму процесі, танымдық даму процесі дұрыс жүзеге аса бастайды. Сабақтар әрбір сенсорлық жүйенің бұзылу дәрежесіне қарай кезеңдермен, біртіндеп күрделене отырып іске асырылады. Бала ең алдымен заттарды дұрыс пайдаану, өз денесін дұрыс бағдарлау туралы білімдер мен дағдыларды игереді. Кез келген түзету әдістемелері мен технологияларды қолдану нәтижесі диагностикалық кезеңінің дұрыс жүргізілуі мен түзету жұмысы бағытының дұрыс таңдалуына тікелей байланысты екендігі белгілі. Демек, арнайы педагогикада кейінгі уақытта белсенді қолданылып жүрген сенсорлық дамыту әдістерін де мамандар әрбір баланың жеке ерекшелігіне сәйкес дұрыс таңдап алып қолданғанда ғана күтілетін оң нәтижеге қол жеткізері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Айрес Э. Джин. Ребенок и сенсорная интеграция, понимание скрытых проблем развития. — М.: Теревинф, - 2009. - С. 268.
2. Гилберг К. Аутизм: медицинские и педагогические аспекты / К. Гилберг, Т. Питерс. СПб.: ИСПиП, -1998.- С. 124.
3. Сенсорная интеграция. [http://www.inmanmed.ru/uslugi/sensornaya\\_integratsiya/](http://www.inmanmed.ru/uslugi/sensornaya_integratsiya/)
4. Что такое сенсорная интеграция? <https://www.rommer.com.tr/r>
5. Чулкова Р.Н. Дисфункция сенсорной интеграции у детей расстройствами аутистического спектра. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/disfunktsiya-sensornoy-integratsii-u-detey-s-rasstroystvami-autisticheskogo-spektra>
6. Рыченкова О. А. Дисфункции сенсорной интеграции при аутизме. <https://www.academia.edu/>
7. Желтикова Е.В. Сенсорная интеграция в работе с детьми с РАС. URL: <https://nsportal.ru/nachalnaya-shkola/psikhologiya/2019/05/07/sensornaya-integratsiya-v-rabote-s-detmi-s-ras>

## РОЛЬ СОЦИАЛИЗАЦИИ В РАЗВИИИ ДЕТЕЙ С АУТИЗМОМ

Жарқынбай Т.Б., Жусупбекова З.Д.

Карагандинский университет им. академика Е.А. Букетова, Караганда

В настоящее время все чаще родители и специалисты сталкиваются с такой серьезной проблемой, как аутизм, над решением которой многие ученые и исследователи бьются уже долго. Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев в своем Послании народу Казахстана особое внимание уделил вопросу создания условий для обучения и воспитания детей с особыми образовательными потребностями [1].

Аутизм – это психическое расстройство, возникающее вследствие нарушения развития головного мозга и характеризующееся, вначале все более жестким игнорированием непосредственного зрительного контакта и общения, а затем, распространяющейся в структурах мозга и тела деградации самых разнообразных процессов функционирования. Деградация неуклонно нарастает от проблем в простых бытовых навыках, как например, проблем туалета, жесткой стереотипизации в еде, до развития агрессии, блокировки развития речи, познавательных способностей. Обычно эти признаки начинают проявляться в возрасте до трех лет.